

**«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Мәлік Галым
Алаудинұлының «Билік феноменінің құндылықтық негізі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми**

РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

p/h №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқауларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту қүніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясының: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының негізгі ережелеріне, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ Қазақстанның экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы және де нормативтік құжаттармен өзара байланысты.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Диссертациялық жұмыс докторанттың 2020-2023 жылдары аралығында дайындалған, мемлекеттік грант неізінде жүзеге асырылған

		3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, <u>ал оның маңыздылығы ашылған</u> /ашылмаған.	Зерттеу жұмысы философия тарихындағы билік феноменіне байланысты теорияларды құндылықтық тұрғысынан талдауға, оның рухани-онтологиялық негіздерін анықтауға, дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің формалары мен түрлерін, заманауи Қазақстандағы билік жүйесінің ерекшелігін философиялық тұрғыдан зерттеуі қазіргі таңдағы отандық ғылым саласына үлкен үлес қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаган	Г.А. Мәліктің диссертациялық жұмысының өзіндік жазу деңгейі жоғары деген баға беруге болады. Диссиденттың өзіндік жазу стилі қалыптаскан. Лоикалық құрылымды сақтап, ойды анық және түсінікті жеткізе білген. Жұмыста автордың зерттеу жүргізіген мәселелеге байланысты ұстанымы анық байқалады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Билікті құндылық ретінде зерттеудің өзектілігі бірқатар факторларға байланысты болады. Бірінші әлеуметтік тұрақтылық жағынан қарастырғанда - билік қоғамдық қатынастарды реттеуші құралы ретінде. Биліктің құндылығын зерттеу оның қоғамды үйлестіруші құралы ретінде қалай қызмет ете алатындығын түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ Саяси жүйелердің өзгеруі тұрғысынан - қазіргі әлемде саяси режимдердің өзгеруі, демократиялық дағдарыстар, авторитарлық тенденциялардың өсуі және мемлекеттен тыс құрылымдардың жаһандық ықпалының күшеюі байқалады. Бұл билікті әлеуметтік құбылыс ретінде қайта қарастыруды және оның құндылығын жаңа жағдайларда бағалауды талап етеді. Осы тұста диссертациялық жұмыста көрсетілген нәтижелер туындалап отырған мәселелерді зерттеуге бағытталған.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаиды 1) <u>айқындаиды</u> ; 2) жартылай айқындаиды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның мазмұны тақырыбын толығымен айқындалған. Диссертацияның құрылымы ойластырылған және кисынды түрде құрылған. Мазмұны зерттеу барысын, оның негізгі түсініктерімен мен нәтижелеріне дәл келеді. Диссертация кіріспеден, әрқайсысы екі тараудан тұратын үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді;	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Жұмыстың ғылыми нәтижелері ондағы міндеттері алға қойылған мақсатарына сәйкес келеді. Анық және дұрыс қойылған міндеттердің негізінде зерттеудің ғылыми жағалығы мен

		<p>3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок 	<p>тұжырымдамалар сәйкестігін көреміз.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен тұжырымдамалары толығымен логикалық байланыс сақталған. Мақсаттарды, зерттеу міндеттерін, корғауға ұсынылған тұжырымдамалары барлық бөлімдері мен құрылышы нақты өзіндік өзара логикалық байланысқан. Жүйеленген, кешенді философиялық талдаудың негізінде мәні ашылған, қорытынды бөлімінде ұсыныстар әзірленген және нәтижелері бір-бірімен сабактас болып келеді.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Білік феноменін құнықтырылған түрғыда зерттеудің нәтижелерін салыстырмалы, сынни талдауымен дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдерімен салыстырылып бағаланған. Зерттеу жұмысының алдына қойылған міндеттіне сәйкес, яғни қазақстандық қоғамдағы билік феноменін түсінуегі құндылықтарды институттарының қызметіне сынни талдау жасалған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен қағидаттары «толығымен жаңа» депен баға беруге болады.</p> <p>Білік феноменіның құндылықтық түрғыда маңызды аспектілеріне философиялық түрғыдан талдап, билік мәселелеріне интегралды, кешенді көзқарас қажет деген идея ұсынады.</p> <p>Диссертацияда «білік» ұғымын «құндылық» ұғымы арқылы қарастыруда әділдік, шындық, ақиқат, ізгілік, бостандық, т.б. сияқты үлкен қажеттіліктер түрғысынан өмірдің мәні ретінде көрсетіледі. Сондай-ақ дәстүрлі қазақ қоғамындағы биліктің мазмұны, формалары туралы түсініктердің қазақ философия тарихында бейнеленуінің ерекшеліктері жұмыста талданады, қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік бейнесін қалыптастыру және жаңғырту факторлары анықталған.</p> <p>Бұл жағдай қазіргі қазақстандық мемлекеттік биліктің адамның өркениеттік құндылықтарын дамытудағы рөлі көрсетіледі. Ал бұл дегеніміз философия ғылымына қосқан үлкен үлес деп есептейміз.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып 	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Қорытындылар мүкіят талдау негізінде жазылған. Автор біріншден, абсолютизм негізіндегі қорытынды ол қандай да бір әлеуметтік күштердің, соның ішінде биліктің құндылық саласына әсер ету мүмкіндігін толығымен</p>

		<p>табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>жоққа шығарады. Екінші қорытынды - құндылық жүйелері басқа субъективті қатынастар арқылы қалыптасады, басқаша айтқанда, құндылық жүйесі қоғамдастық, әлеуметтік жүйенің құрылымын белгілейтін және құндылық иерархияларының алуан түрлілігін қалыптастыратын адамдар арасындағы қатынастар арқылы қалыптасады. Үшінші қорытынды - құндылықтар өздерінің мәні бойынша билікпен тығыз байланысты деген үш қорытындыны алға тартады.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық зерттеуде алға қойылған міндеттерді шешу жаңа болып табылады, өйткені мұндай шешімдерді ұқсас басқа зерттеулердің авторлары ұсынған жок. Диссертацияда Scopus базасының журналдарындағы жарияланымдармен расталатын білім беру, технологиялық, әлеуметтік маңызы бар және басқару шешімдері бар жұмыс. Авторда диссертацияны университеттің оку процесіне әзірленген білім беру платформасына және зерттеу нәтижелерін енгізу актісі бар.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған барлық тұжырымдар ғылыми көзкарастың маңызды дәлелдерге негізделген және жеткілікті түрде қарастырылған. Диссертацияның қорытындылары дербес ғылыми ізденістің қорытындысы болып табылады, расталған ақпарат қөздеріне 297 әдебитке сүйене отырып және жоғары деңгейдегі ғылыми зерттеулерге қойылатын барлық талаптарды ескере отырып орындалған. Негізгі ережелер мен нәтижелер зерттеулер Scopus халықаралық базасының 2 басылымында, Министрліктің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған 3 басылымда көрініс тапты. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым, Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 3 мақала жарияланған.</p>
7.	Көргауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелдені;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) иля;</p> <p>2) жок</p>	<p>7.1 Диссертацияда билік феноменің құндылықтары мен олардың өзгеруі туралы көрсетілген барлық негізгі тұжырымдар, ережелер ғылыми негізде дәлелденген. Жұмыста ұсынылған теориялық талдаулар мен тұжырымдар қоғамдағы өзгерістерге және билік құндылықтарының дамуындағы өзгерістерге қатысты нақты әдебиеттерге сүйене жазылған. Автордың концептуализациялары мен пікірлері деректермен, тарихи, әлеуметтанулық, мәдени және философиялық талдаулармен толыққанды bekітілген. Дисертант саяси құндылықтардың терең тарихи эволюциясын, Қазақ хандығы кезіндегі билік құрылым мен институттар, қазақ зиялышарының билік құндылықтарының өзгеруіне ықпал ету талпыныстары,</p>

	<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ни;</u> 2) жок 	<p>Казакстанның Кеңес Одағы кезеңінен билік құндылығын рухани-онтологиялық түрғыда түсінудегі дүниетанымды көрсету үшін автор нақты тарихи деректер мен әлеуметтік-мәдени талдау жасаған.</p> <p>7.2 Жұмыста ұсынылған тұжырымдар мен ережелер тривиалды емес. Жұмыстың маңызды ерекшелігі билік құндылықтарын әлеуметтік-мәдени және тарихи контексте талдау, олардың қоғамдағы орны мен маңызын көрсету. Зерттеулердің жаңашылдығы мен өзектілігі олардың билікті әлеуметтік-философиялық бағытын тандау қоғам өмірі үшін және жалпы еліміз үшін ғылыми-теориялық және практикалық маңыздылығында жатыр.</p> <p>7.3 Диссертациядағы негізгі тұжырымдар мен ережелер жаңашыл деп толық айтуға болады. Автор билік құндылықтарына және жалпы биліктің әлеуметтік сипатының өзгеруіне қатысты жаңа көзқарастар ұсынады. Қазіргі тәуелсіз Қазақстанның құрылуы кезеңдеріндегі билік құндылықтары мен оның әлеуметтік-мәдени түрғысынан өзгеруі жаңа әдістемелік көзқараспен қарастырылған.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі ауқымды, себебі зерттеу нәтижелері және ол нәтижелерін жоғары оку орындарында мамандар даярлау процесінде зерттеушілер қолдана алады. Автор ұсынған нәтижелер мен тұжырымдар халықаралық деңгейде жалпы барлық билік феноменін зерттеушілер қолдана алады. Өйткені диссертациялық зерттеу барысында жазылған 3 мақала ағылшын тілінде жарық көрен.</p> <p>7.5 Автордың отандық шетелдік дереккөздерде жариялаган мақалалары диссертацияда ұсынған тұжырымдарды ашады және дәлелдейді. Мысал ретінде төмендегі мақалаларды келтіруге болады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Three Variants of the Concept of Power: A Comparative Analysis» // Pharos Journal of Theology – 2023 – Vol.104/5 2. «Современные концепции феномена власти: социально- философский анализ» // ҚазҰУ хабаршысы., №3/77, 2021, 33-40 бб.
--	--	---

8.	<p>Дәйектілік қағидаты.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок</p>	<p>Автордың диссертацияны зерттеудегі әдістемесі толық және нақты жүргізілген. Билікті зерттеу әдістемесін осы феноменнің күрделілігі мен жан-жақтылығын, оның өмірдің әртүрлі салаларында мысалы: саясат, экономика, әлеумет және мәдениетте көрініс тапқанын ескеруіліп таңдалғанын көреміз. Мысалы зерттеуде феноменологиялық талдау, аксиологиялық талдау, тарихи және логика-философиялық талдау әдістері қолданылған. Бұндай таңдау негізделген, өйткені ол биліктің қоғамдық болмысын ашу үшін және әртүрлі тарихи кезеңдерде қалай талданғанын көрсету мақсатында қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок</p>	<p>Автор заманауи ғылыми әдістер мен деректерді зерттеулер барысында жақсы қолданғаны байқалды. Автор компьютерлерлік тәсілдерді жақсы игеру арқылы зерттеу нәтижелеріне қажетті мәліметтерді ұтымды түсіндірмелуе мен қорытындылауды жақсы қолдана білген. Ғылыми нәтижелерді негізінен жақсы дәйектейді. Кейбір авторлардың нақты дәйек сөздерін сыни талдаулардан өткізеді.</p>
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иia;</u> 2) жок</p>	<p>Диссертация жұмысының ғылыми тұжырымдамалары классикалық философия тарихымен, қазақ халқының билік феномені жайлы тарихының жалпы эволюциясымен байланысты. Автор өзінің теориялық ойларын барынша практикаға жақыннатуға тырысады. Мысалы, қазақ халқының дүниетанымындағы билік түсінінің қазіргі қоғамдағы рөлі, яғни биліктің динамикалық сипатын ескереді.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге <u>сілтемелермен расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Зерттеу жұмысында билік феноменине байланысты әдебиеттер кеңінен пайдаланылған. Философия тарихында билік мәселесі, оның құндылығы, ізілігі, әділеттілігі, пәрсаттылығына байланысы тақырыбында жазылған еңбектердің саны көп. Ізденуші сол ете көп әдебиеттердің ішінен ең маңызды деген шығармаларды, кітаптарды іріктең алғып, оларға сыни талдау жасай білген. Мысалы айта кететін болсақ Ледяев В.Г. Абишев К.А. Соловьев В.С. Луман Н. Зекрист И. және Pansardi P., еңбектеріне талдау жасалынған. Ол әдебиеттерге сілтемелер дұрыс келтірілген. Алынған мәліметтер нақты, қолданылған әдебиеттер толық сенімді және расталған.</p>

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпқа толығымен сый, шолуға жеткілікті. Билік феномені, биліктің құндылығы, оның әділеттілігі, парасаттылығы, жауапкершілігі, биліктің құндылығын аштын маңызды ұғымдар мен категориялар, осы ғылымға қатысты әдебиеттер жақсы таңдалған. Жинақталған әдебиеттер диссертация тақырыбын ашуға жеткілікті. Диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне толық жауап беретін тарихи-философиялық енбектер кең қамтылған, автор отандық және шетелдік ғылыми журналдарда жарық көрген өзінің мақалаларына сілтеме ретінде келтірғен.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>бар;</u> 2) жоқ	Диссертациялық зерттеудің теориялық маңыздылығы билік құбылысын құндылық негіздерінің призмасы арқылы терең талдауда жатыр, бұл биліктің табиғаты, оның қоғамдағы функциялары мен механизмдері туралы қолданыстағы идеяларды кенейтуге мүмкіндік береді. Біріншіден, жұмыс құнды бағдарлар контекстінде оның маңызды сипаттамаларын нақтылай отырып, билікті зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін дамытуға ықпал етеді. Билік мәжбүрлеу немесе басқару құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік процестерге әсер ететін белгілі бір нормалар, идеалдар мен магыналардың тасымалдаушысы ретінде қарастырылады. Екіншіден, зерттеу философия ғылымның дауына ықпал етеді. Билік пен моральдың, идеологияның, мәдениеттің және саяси институттардың заңдылығының өзара байланысын жақсы түсінуге ықпал етеді. Үшіншіден, жұмыс қоғамдық сенім мен билік құрылымдарының тұрақтылығын қалыптастырудың құндылықтардың рөлін ашып, биліктің заңдылығы туралы қолданыстағы тұжырымдамаларды кенейтеді. Зерттеу сонымен қатар әлеуметтік өзгерістер жағдайында билік құндылықтарын өзгерту механизмін нақтылайды. Алынған нәтижелер биліктің теориялық модельдерін одан әрі дамытуда, сондай-ақ нақты әлеуметтік процестерді талдауда қолданыла алады, олардың ғылыми қоғамдастық үшін де, қолданбалы зерттеулер үшін де өзектілігін арттырады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада	Бұл зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін мемлекеттік саясаттың, басқарудың, білім берудің және қоғамдық

	<p>қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля;</u> 2) жоқ 	<p>кызметтің әртүрлі салаларында қолдану мүмкіндігіне байланысты. Біріншіден, зерттеу қорытындылары Қазақстанның мемлекеттік саясатын әзірлеу мен жетілдіруде, биліктің заңдылығын нығайту және мемлекеттік баскаруудың тиімділігін арттыру саласында пайдаланылуға болады. Биліктің дәстүрлі және заманауи құндылықтарын талдау қазак қоғамының ерекшелігі мен оның мәдени ерекшеліктерін ескеретін стратегияларды әзірлеуге мүмкіндік береді.</p> <p>Екіншіден, диссертация материалдары қоғам қайраткерлері, сарапшылар үшін демократиялық институттарды енгізу және қоғам мен мемлекет арасындағы қатынастарды үйлестіру бағдарламаларын әзірлеу кезінде пайдалы болады. Биліктің құндылық негіздерін түсіну билік құрылымдарының азаматтық қоғаммен тиімді өзара әрекеттесуіне ықпал етеді.</p> <p>Ушіншіден, зерттеу билік философиясы пәнін оқытуда және жалпы білім беру саласында пайдалануға болады. Жұмыс нәтижелері билік, дәстүрлі мәдениет және әлеуметтік мәселелеріне арналған окулықтар, курстар мен дәрістер үшін негіз бола алады.</p> <p>Төртіншіден, жұмыс мемлекеттік институттарға деген сенімді калыптастыруға, қоғамдық келісімді нығайтуға және билік пен халық арасындағы диалог тетіктерін дамытуға бағытталған бағдарламаларды әзірлеу кезінде пайдалы болады.</p> <p>Алынған нәтижелер биліктің, Қазақстанның құндылықтары мен мәдени этикалық проблемаларына арналған әрі қарайғы ғылыми зерттеулерде, басқа қоғамдардағы биліктің дәстүрлі және қазіргі заманғы модельдерін салыстырмалы талдауда қолдануда жақсы енбек болып келеді.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Зерттеудің практикалық ұсынымдары толық жаңа болып табылады, өйткені олар қазақ қоғамын жаңғырту жағдайында биліктің дәстүрлі құндылықтарын пайдаланудың заманауи тәсілдерін ұсынады. Осы тұста басқару жүйесін реформалау кезінде дәстүрлі құндылықтарды есепке алуын мысал ретінде көлтіруге болады:</p> <p>Биліктің дәстүрлі қазақ модельінің элементтерін (кеңес беру, ұлкендерге құрмет, консенсус) олардың заңдылығын арттыру үшін мемлекеттік шешімдер қабылдау процестеріне енгізу.</p> <p>Билер институтына тән қағидаттарға (әділдік, жариялылық, ұжымдық шешім қабылдау) бағдарланған билік пен қоғам арасындағы «ашық диалог» тетіктерін дамыту. Мұның бәрі қоғамды тиімді басқару мен дамытуға ықпал ететін тарихи мұра мен заманауи сын-қатерлерді үйлестіре отырып, Қазақстандағы билік феноменін зерттеуге</p>

			инновациялық тәсілді береді.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары;</u> 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертация мәтінінің академиялық жазу сапасы «жоғары деңгейде». Диссертация ғылыми, философиялық тілмен жазылған. Мәтін анық, түсінікті. Диссертацияда теориялық және әдіснамалық тұрғыда ғылыми ортада кең тараған тарихи-философиялық, әлеуметтік философиялық талдаулар тәсілдерін, принциптері жақсы қолданылған.
11	Диссертацияға ескертулер		<p>Мәлік Галымның диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, келесі кемшіліктерді көрсету қажет деп санаймын:</p> <p>1. Біздің ойымызша зерттеудің үшінші тарауында биліктің дәстүрлі казак қоғамында және қазіргі заманауи құндылықтарды талдауға тенденстірліген көзқарас қажет. Кейбір бөліктерде негізінен дәстүрлі құндылықтарға баса назар аударылады, ал қазіргі тенденцияларға салыстырмалы түрде аз талдау жасалған. Екеуін тенденстірсе диссертацияның құндылығын арттыраш еді.</p> <p>2. Зерттеудің тереңдігін арттыру үшін қазақ қоғамындағы және басқа посткенестік қоғамдардағы билік құндылықтарын салыстырмалы талдауды қосуға болар еді, бұл биліктің өзгеру ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.</p>
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін		Зерттеу тақырыбы бойынша докторант мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары. Бұған диссертациялық зерттеудің мазмұнында көрініс тапқан Scopus базасының жоғары рейтингтік журналдарында жарияланған 2 мақалалары дәлел бола алды.

	зерделейді)		
13	Ресмирецензенттің шешімі (осы Үлгіреженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

«8D02202 – Философия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуүшінұснылған «Билік феноменінің құндылықтық негізі» тақырыбындағы диссертация жан-жақты зерттелген, аяқталған ғылыми жұмыс болғандықтан, Мәлік Галым Алаудинұлының философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есптеймін

Ресми рецензент:

Қазақстан Неміс университеті, әлемдік саясат факультетінің
қауымдастырылған профессоры,
философия докторы PhD

Т. Т. Оспанов

Фото с берега
реки - ее
Буганова С.А.

